

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 49 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 06 сәуірде N 10-3-198 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 04 наурыздағы N 79 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 04.03.2013 N 79 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы N 561-IV Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығына сәйкес, Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арал ауданындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы осы қаулының N 1 - қосымшасына сәйкес құрылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2012.11.09 N 237 қаулысымен.

3. Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі осы қаулының N 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының денсаулық сақтау

басқармасының "Арал аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына (Ш. Медетов, келісім бойынша) ұ с ы н ы л с ы н :

1) әскерге шақырылушыларды медициналық куәландыруды ұйымдастыру және өткізу үшін білікті дәрігер-мамандар бөлуге ықпал ету;

2) медициналық комиссияны қажетті дәрі-дәрмектерімен, керек жарақтармен және медициналық мүлкімен қамтамасыз ету.

5. Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі Қызылорда облысы ішкі істер департаментінің "Арал аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Ә. Қосбармақов, келісім бойынша) мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу ұ с ы н ы л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Арал ауданы әкімінің орынбасары М. Оразбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Арал ауданының әкімі Н. Мұсабаев
"Келісілді"

Қазақстан Республикасы Қызылорда
облысының денсаулық сақтау
басқармасының "Арал аудандық емханасы"
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
б а с дә р і г е р і
_____ Ш. Медетов

"26" наурыз 2012 жыл
"Келісілді"

Қазақстан Республикасының ішкі
істер министрлігі Қызылорда облысы
ішкі істер департаментінің
"Арал аудандық ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____ Ә. Қосбармақов

"26" наурыз 2012 жыл
"Келісілді"

Қызылорда облысы "Арал ауданының
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

